



2024 – 2025 оқу жылына арналған ересек «Қызғалдақ» тобының ұйымдастырылған іс – әрекеттің циклограммасы

Тәрбиешілер: Абдразакова Л.
Умирзакова Қ.

Тәрбиелеу білім беру процесі

2024-2025 оқу жылы

Ересек «Қызғалдақ» тобы

Қыркүйек

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Салемдесу Балалар мен ата-аналарға жақсы көңіл күй тілеу Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау	Салемдесу Балаларды әсем әуенмен,көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Медбике тексеруі "Менің туған жерім" - Мақсаты: Балаларға туған жердің, оның табиғаты мен мәдениетінің маңыздылығын түсіндіру. - Ойын барысы: Балаларға Қазақстанның әдемі табиғатының суреттері көрсетіледі, олар туған өлкесінің табиғатын қағазға түсіреді немесе мүсін жасайды. Бұл тапсырма балалардың патриоттық сезімін оятуға	Салемдесу Көңіл күй смайликтерімен қарсы алу Медбике тексеруі Қауіпсіздік жоспары бойынша Жалпы қауіпсіздік ережелері - Мақсаты: Балаларды қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. - Іс-әрекеттер: - Қауіпсіздік ережелерін түсіндіру (өткір заттар, ыстық, және т.б.). - Жол белгілері мен олардың маңыздылығын көрсету.	Салемдесу Көңілді әуенмен қарсы алу Медбике тексеруі «Өнегелі 15 минут» "Достық пен көмек" - Мақсаты: Балаларға бір-біріне көмектесудің және достықтың маңыздылығын үйрету. -Қысқаша достық пен көмектесу туралы әңгіме.	Салемдесу Жақсы көңіл күй тілеу Медбике тексеруі

		бағытталған.	- Картиналар мен белгілерді пайдаланып, талқылау		
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Ата-анаға кеңес: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру	Психологтың кеңесі: Үйде баланың үй тапсырмасын қадағалау. «Күй күмбірі» - балалардың бойында музыканы тыңдауға қызығушылықтарын, музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру	Ата-аналармен әңгіме: Ата-аналарға балаларды тамақтарын тауысып жеуге үйретулерін ескерту.	Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу»
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	"Кім не дейді?" - Міндеті: Жануарлардың дыбыстарын тану және олардың аттарын айтуға үйрету. - Ойын барысы: Балаларға жануарлардың	"Табиғатпен танысайық" - Міндеті: Табиғаттың негізгі элементтерімен танысу және оларды дұрыс атауға үйрету. - Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға суреттерді көрсетеді	Менің қолымда не бар?" - Міндеті: Заттарды атау және олар туралы қарапайым сөйлемдер құрау. - Ойын барысы: Тәрбиеші балаларға әртүрлі заттарды (ойыншық, жеміс-жидек,	"Кім қайда тұрады?" - Міндеті: Жануарлардың мекендерін дұрыс айту және түсіну. - Ойын барысы: Балаларға жануарлардың суреттері немесе ойыншықтары	Қарсы сөздерді үйренеміз" - Міндеті: Қарсы мәндес сөздерді үйрену және оларды қолдану. - Ойын барысы: Балаларға қарама-қарсы сипаттағы заттар немесе суреттер көрсетіледі.

	суреттері немесе ойыншықтары көрсетіледі. Тәрбиеші әр жануардың атын атап, оның дыбысын шығарады. Мысалы, "Мынау – сиыр. Сиыр "му-му" дейді". Балалар жануардың атын қайталап, оның дыбысын салады. Бұл жаттығу балалардың есте сақтау қабілетін және сөздік қорын дамытады. Сөйлеуді дамыту	немесе табиғат элементтерін көрсетіп (гүлдер, ағаштар, жапырақтар), олардың атын айтады. Балаларға табиғат элементтерін сипаттау және олардың атауларын қайталау ұсынылады. Мысалы, "Бұл – ағаш. Ағаштың жапырақтары бар". Сөйлеуді дамыту Дыбыстап айту	киім т.б.) көрсетеді. Балаларға "Бұл не?" деп сұрақ қояды, ал балалар сол заттың атын айтады. Кейін балаларға қарапайым сөйлемдер құрауға көмектесу ұсынылады. Мысалы, "Бұл – алма. Алма дәмді". Сөйлеуді дамыту	беріледі, және олар қайда тұратыны түсіндіріледі. Мысалы, "Қоян орманда тұрады", "Балық суда жүзеді". Балалар осы жануарларды өз орындарына орналастырып, "Қоян орманда", "Балық суда" деп сөйлем құрайды. Сөйлеуді дамыту	Мысалы, үлкен-кіші, биік-аласа, жылы-суық. Балаларға мысал келтіріледі: "Бұл – үлкен аю, ал мынау – кішкентай аю". Балалар заттарды атап, олардың айырмашылығын түсіндіреді. Сөйлеуді дамыту
Таңертенгі жаттығу	Таңғы жаттығу кешені (Дене қыздыру – 2-3 минут) Жүру: Балаларды шеңбер бойынша жайлап жүруге шақырыңыз. Қолдарын жоғары көтеріп, "күнге" қол созады, кейін жерге еңкейіп, "гүл тереді". Жүгіріс: Бірнеше секунд орташа жылдамдықпен шеңбер бойымен жүгіріңіз. Оларды "көбелектер"	Таңғы жаттығу кешені "Тұлпардың шабысын қайтала" (Жоғарғы денеге арналған жаттығу) Бастапқы жағдай: Тұрып, аяқ иық кеңдігінде Қимыл: Қолдарды белге қойып, денені оңға және солға бұру. "Тұлпар" шауып келе жатқандай, қимылдарды сенімді және ширақ жасау. (10 рет әр жаққа)	Таңғы жаттығу кешені "Ағашқа қол жеткізу" (Созылу жаттығуы) Бастапқы жағдай: Тұрып, аяқ иық кеңдігінде Қимыл: Қолды жоғары созып, ағаштың бұтағына қол жеткізуге тырысып, алдымен оң жаққа, содан соң сол жаққа еңкею. Балалардан “ең биік бұтақты” ұстауды сұраңыз. (10 рет әр жаққа)	Таңғы жаттығу кешені "Қара жорға" (Тізе және аяқтарға арналған жаттығу) Бастапқы жағдай: Тұрып, аяқ иық кеңдігінде. Қимыл: Қолды белге қойып, бір тізені кезекпен жоғары көтеріп, шапшаң түрде қимыл жасау. Бұл жаттығуды "Қара жорға" биінің қарапайым қимылдарымен үйлестіруге болады. (8-10	Таңғы жаттығу кешені "Құстар секілді ұшамыз" (Иілу жаттығулары) Бастапқы жағдай: Тұрып, аяқ иық кеңдігінде. Қимыл: Қолдарды екі жаққа созып, алдыға еңкейіп, аяқтың ұштарына дейін жеткізуге тырысу. Еңкейген сайын, "құс" секілді қанат қағып, қайта тұру. (8-10 рет) Ұлттық құндылықты дәріптеу

	деп елестетіп, гүлдерді аралап жүргендей қимылдар жасатыңыз. "Қанат қағу" (Қолға арналған жаттығу) Бастапқы жағдай: Тұрып, аяқ иық кеңдігінде. Қимыл: Қолды екі жаққа созып, көбелек сияқты қанат қағу қимылдарын жасау. Қолды алдымен жоғары-төмен қозғалту, содан кейін шеңбер бойынша айналдыру. (10-12 рет қайталау)	Ұлттық құндылықты дәріптеу Дәстүрлі әндер: Қазақтың ұлттық әндерін тыңдату. Балаларға әндермен бірге билету		рет әр аяқпен)	«Би қимылдарын қайтала» Мақсаты: Балалардың ептілік пен тез ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: қазақтың ұлттық биінің қарапайым қимылдарын көрсету, ал балалар оны қайталауы керек. Қимылдар біртіндеп күрделене түседі, ал балалар қимылдарды дұрыс қайталап орындауға тырысады.
Таңғы ас	«Таза қолдар» Балалардың назарын тағамға аудару.Мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс,әдеп ережесі «Тамақ ішкенде сөйлемеймін, құлағыммен	«Ас адамның арқауы» Мақсаты: Балаларға аспазшының жұмысымен таныстыру,сұрақ-жауап	Нан қиқымын шашпаңдар, Жерде жатса баспаңдар. Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастаңдар. Сөйлеуді дамыту	Асхананы бақылау: Нанның қадірін түсіндіру. Ойын: «Көңілді трактор»	«Дұрыс тамақтануға баулу» әңгіме Көркем әдебиет

	тыңдаймын»				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Топта ұйымдастырылған орталықтарда балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруға қажетті заттар мен материалдарды әзірлеу «Көрме» Балалардың жұмысынан көрме ұйымдастыру және балаларға өздері жасаған туындыларын көрсету	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру Қауіпсіздік іс-шарасы жоспары аясында Көшеде Қауіпсіздік» - Мақсаты: Көшеде қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету. - Іс-әрекет: Көшеде серуендеу кезінде «жасанды» көшені құрып, балаларға жүріп өту, жолды кесіп өту, жол белгілерін байқау туралы айту.	Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау «Өнегелі 15 минут» Отбасы туралы өнегелі өсиет айту Мысалы: Балалар отбасы ол үлкен бақыт. Сендердің ата-аналарың, бауырларың бар , олар сендерге әрқашан қолқор болады.	Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру	Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау Қауіпсіздік іс-шарасы жоспары аясында «Отпен Қауіпсіздік» - Мақсаты: Оттың қауіптілігін түсіндіру. - Іс-әрекет: Балалармен бірге отқа қатысты қауіпсіздік ережелерін (оттың жанында ойнамау, шырақпен ойнамау) айтып, ойын арқылы көрсету.
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру 1. Бағытты өзгертіп жүру; 2.Шеңбер бойлап жүгіру; Қимылды ойын: «Әжемнің жіп шумақтарын жинайық» Барысы: Ойын кезінде қолдарынан ұстап жіп	Қазақ тілі «Дұрыс және бұрыс» – Сөйлем құрау дағдысын дамыту Мақсаты: Балалардың сөйлем құрау дағдысын және дұрыс сөйлеу қабілетін жетілдіру. Ойын барысы: Педагог бірнеше дұрыс және бұрыс сөйлемдер айтады. Балалар бұрыс сөйлемдерді тауып, оларды	Дене шынықтыру «Қимыл-қозғалысқа сай билеу» – Қозғалыс пен музыкалық ырғақ сезімін дамыту Мақсаты: Балалардың қозғалыс үйлесімділігі мен музыкалық ырғақты сезіну қабілетін дамыту. Қажетті материалдар: Әртүрлі музыкалық тректер (жылдам, баяу, орташа темп).	Музыка Музыка Тақырыбы : «Отбасы» Мақсаты: Отбасы жылулығын сезіндіру. Ата-анасына,бауырларына арнап ән үйрету. Ән тындау: «Келші,келші балашым»	Дене шынықтыру «Музыкалық мүсін» – Қозғалыс пен тоқтауды меңгеру ойыны Мақсаты: Балалардың шапшаңдық, икемділік және зейінін дамыту. Қажетті материалдар: Музыка. Ойын барысы: Балалар музыка ойнап тұрған кезде еркін билейді. Музыка тоқтаған кезде,

	шумағына ұқсап ирек жолдармен жүрді, дөңгелене тұрды Музыка «Барабандармен жаттығу» – Дене қимылы мен музыкалық ырғақты үйлестіру Мақсаты: Қозғалыс пен музыкалық ырғақты үйлестіру, дене бұлшық еттерін дамыту. Қажетті материалдар: Барабандар немесе олардың орнына қолданылатын құралдар (қолмен ұруға болатын заттар). Ойын барысы: Балалар барабанның ырғағына сәйкес қимылдар жасайды. Әрбір барабан соғысында балалар секіру, иілу немесе басқа да дене жаттығуларын жасайды. Әр ырғаққа сәйкес балалардың қимылдары да өзгереді (мысалы, баяу барабан – жай қимыл, жылдам барабан	дұрыс сөйлемге айналдырады. Мысалы, «Мысық ұшады» – бұрыс, «Мысық жүреді» – дұрыс. Бұл ойын балалардың грамматикалық білімдерін жетілдіріп, дұрыс сөйлем құрауға үйретеді.	Ойын барысы: Балалар музыкаға сәйкес қимылдар жасап, билейді. Музыканың жылдамдығы өзгерген сайын, қимылдар да өзгереді (баяу музыкада жай қимылдар, жылдам музыкада шапшаң қимылдар). Бұл жаттығу арқылы балалардың дене үйлесімділігі дамиды, әрі музыкалық ырғақты сезіну қабілеті күшейеді.	Е Хасанғалиев Ән айту: «Менің отбасым» Л.З.Аитова («Үш тілдегі әндер» жинағынан)	олар дереу қозғалуды тоқтатып, мүсін сияқты қатып қалады. Музыка қайта ойнағанда, қимылдарды жалғастырады. Қозғалысты тоқтатпай қалған балалар ойыннан шығады. Бұл ойын балалардың қозғалыс пен тоқтауды меңгеруге, шапшаңдық пен икемділікті дамытуға көмектеседі.
--	---	---	---	---	--

	– шапшаң қимылдар). Бұл ойын балалардың қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытады және музыкалық ырғаққа сай әрекет ету қабілетін күшейтеді.				
	«Қаланың бейнесі» – Құрастыру және мүсіндеу дағдысы Міндеті: Қаланың элементтерін мүсіндеп, құрастыру арқылы бір үлкен композиция жасау. Ойын барысы: Балаларға қаланың элементтерін құрастыру ұсынылады (үй, мектеп, көше, көлік).Әр бала немесе топ қаланың бір бөлігін мүсіндеп немесе құрастырады.Барлық жұмыстар біріктіріліп, бір үлкен қала композициясы жасалады.Қаланың ерекшеліктері, ғимараттардың түрлері туралы әңгімелесу арқылы ойынды	«Ғарыш әлемі» – Мүсіндеу және жапсыру дағдысы Міндеті: Ғарыштағы нысандарды мүсіндеп, қағаз бетіне жапсыру арқылы композиция құру. Ойын барысы: Балаларға ғарыш нысандарының суреттері көрсетіледі (жұлдыздар, планеталар, ғарыш кемелері).Балалар пластилиннен осы нысандарды мүсіндеп, оларды қағаз бетіне жапсырады Әр бала өз ғарыш композициясын жасап, топпен бірге бір үлкен ғарыш әлемін құрастырады.	«Көктемгі бақ» – Жапсыру және мүсіндеу дағдысы Міндеті: Жеміс ағаштарын, гүлдерді жапсырып, мүсіндеу арқылы бақ жасау. Ойын барысы: Балаларға бақтың суреті көрсетіледі. Қағаздан ағаштар, гүлдер қиып, пластилиннен жемістерді мүсіндеп, бақты безендіреді.Бірлесіп, көктемгі бақ композициясын жасап, әр ағаш пен гүлдің маңыздылығы талқыланады.	«Менің арманымдағы қала» – Құрастыру және жапсыру дағдысы Міндеті : Балалардың өз армандарындағы қаланы құрастыру және жапсыру арқылы елестетуі. Ойын барысы: Балаларға өз армандарындағы қаланың бейнесін жасау ұсынылады. Олар түрлі материалдардан ғимараттар, саябақтар, жолдар құрастырады. Әр бала өз қаласын сипаттап, оны қалай безендіргенін түсіндіреді.	«Теңіз әлемі» – Мүсіндеу және жапсыру дағдысы Міндеті Теңіз жануарларын мүсіндеп, теңіз әлемінің бейнесін жасау. Ойын барысы: Балаларға теңіз жануарларының суреттері (балықтар, медузалар, тасбақалар) көрсетіледі. Пластилиннен жануарларды мүсіндеп, оларды қағаз бетіне жапсырады немесе табиғи материалдармен толықтырады (құм, ракушкалар). Топ болып бір үлкен теңіз әлемінің композициясын жасайды

	қорытындылау.				
Серуенге дайындық	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Мемлекеттік тілді меңгерту	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту Мемлекеттік тілді меңгерту	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру
Серуен	Серуен картотекасы№1 "Табиғатпен сәлемдесу" Мақсаты: Балаларға табиғаттың әсемдігін түсіндіріп, оны бағалай білуге баулу. Қимыл: Педагог балаларды табиғатқа шығуға дайындап, оларды серуенге шақырады. Әр бала табиғатпен амандасып,ағаштарға, гүлдерге, құстарға «Сәлем!» деп айтады. Бұл жаттығу арқылы балалар табиғатпен	Серуен картотекасы №2 Серуен: Табиғат аясындағы бақылау және танымдық әңгіме Мақсаты: Балалардың табиғатқа деген қызығушылығын арттыру, өсімдіктер мен жануарлар туралы білім беру. Экологиялық іс-әрекет: Табиғатқа қамқорлық жасау Мақсаты: Табиғатқа сүйіспеншілік пен қамқорлықты қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау.	Серуен картотекасы№3 Серуен: "Күзгі орман" Мақсаты: Күзгі табиғатты бақылау, жапырақтардың түстерін ажырату және желдің қалай соғатынын сезіну. Бақылау: Балаларды күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерімен таныстыру. Жапырақтардың түстері өзгергенін, олардың ағаштан түсуін бақылау. Сұрақтар: «Жапырақтар	Серуен картотекасы№4 "Құстарды бақылау" Мақсаты: Құстар туралы түсінік беру, олардың дауыстарын тыңдау және қайда ұшатынын бақылау. Бақылау: Балалармен бірге серуен кезінде құстардың дауыстарын тыңдап, олардың қайда ұшып жүргенін бақылау. Құстардың атауларын атап, оларға сипаттама беру. Сұрақтар: «Құстар	Серуен картотекасы№5 "Ағаштар әлемі" Мақсаты: Ағаштардың түрлерін тану, олардың жапырақтары мен діндерін бақылау. Бақылау: Ауладағы ағаштардың жапырақтарын, діндерін бақылау. Олардың биіктігі мен жапырақтарының пішінін көру. Сұрақтар: «Бұл қандай ағаш?», «Жапырақтары қандай?»

байланыс орнатып, оны қорғауға ынталанады. Қауіпсіздік ережелерін қайталау:Балаларға серуен кезінде қалай жүру керек, қоршаған ортаға қалай мұқият болу керектігі туралы ережелер түсіндіріледі. (Экологиялық тәрбие, еңбек және дидактикалық ойындар) 1. Экологиялық тәрбие: "Табиғатты қорға" Мақсаты: Балалардың табиғат туралы білімін кеңейту және оны қорғауға баулу. Қимыл: Балалар серуен кезінде өсімдіктер мен жануарлар туралы әңгімелейді. Мұғалім оларға ағаштар, гүлдер, шөптер және жануарлар туралы мәліметтер береді. Сұрақтар: «Ағаштардың	Іс-әрекет: Балалармен бірге ауладағы немесе серуен алаңындағы қоқыстарды жинау. Оларға қоқысты дұрыс сұрыптауды үйрету: қағазды, пластикті және шыныны бөлек жинау. Бұл балалардың жауапкершілік сезімін оятады Құралдар: Қолғаптар, қоқыс жәшіктері. (Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)	қандай түске боялған?», «Қандай жапырақтар үлкен немесе кішкентай?» Ойын: "Жел мен жапырақтар" ойыны. Балалар «жапырақ» болып, жерге түскен жапырақтар секілді қолдарын жайып, жеңіл секіреді. Мұғалім «Жел соқты!» деген кезде, балалар алаңда жүгіріп, жапырақтар секілді айналып ұшады. (Саяхат ойын, Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)	қалай сайрайды?», «Қайда ұшады?» Ойын: "Құстар секілді ұшамыз" ойыны. Балалар құстар секілді қолдарын жайып, ұшуды бейнелеп жүгіреді. Ойын арқылы олардың қимылдары дамиды, әрі құстарға қызығушылығы артады. (Отбасы құндылықтары ,Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)	Ойын: "Ағашқа айналамыз" ойыны. Балалар ағашқа ұқсап, орындарында қимылсыз тұрып, кейін жел соққанда «қимылдайды» (қолдарын жоғары көтеріп, тербеледі). (Әңгіме ойын Экологиялық мәдениет дағдысы Қоршаған ортамен таныстыру)
--	---	--	---	--

жапырактары не үшін керек?»

«Құстар не жейді?»

«Гүлдерге не керек?»

Қоршаған ортаны қорғау: Балаларға қоқысты тастамау, өсімдіктерді жұлмау туралы түсіндіріледі.

2. Еңбекке баулу:
"Көгалдандыру"
немесе **"Гүлдерге су құю"**

Мақсаты: Балаларға табиғатқа еңбек ету арқылы қамқорлық көрсетуді үйрету.

Қимыл: Балалар бақшадағы немесе ауладағы гүлдерге су құяды немесе жапырақтарды жинайды. Бұл жаттығу арқылы балалар еңбекке баулынады және қоршаған ортаға қамқорлық жасау қажеттігін түсінеді.

Мысалы: әр бала

	кішкене су құтысын алып, бір-екі гүлге су құяды. Педагог оларға су құйғанда қалай жасау керектігін түсіндіреді: "Гүлдерге көп су құюға болмайды, себебі олар суға тұншығады." 3. Дидактикалық ойын: "Табиғаттан не көрдің?" Қимыл: Балалар серуен кезінде табиғаттағы заттарды бақылап, оларды есте сақтауға тырысады. Серуен соңында педагог: «Сендер табиғаттан не көрдіңдер?» деп сұрақ қояды. Балалар көргендерін тізіп айтып береді. (Ұсыныс ойын ,Экологиялық мәдениет дағдысы, Қауіпсіздік ережесін үйрету)				
Серуеннен оралу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді	дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету,	Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу	өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету,

	үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	Жеке гигиенаны сақтауға баулу	киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Еңбекке баулу
Түскі ас	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту)	Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану , нан қиқымын шашпай, сорпамен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу Коммуникативті дағдыны қалыптастыру (Сөйлеуді дамыту)	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету Қоршаған ортамен таныстыру «Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру Бір тұтас тәрбие жоспары аясында
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. (Музыка ән тыңдау дағдысы)	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (Көркем әдебиет)	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (Көркем әдебиет)	балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту (Көркем әдебиет ,Салт-дәстүр мәдениетін	ұйықтар алдында балаларға кітап оқу (Көркем әдебиет)

				дамыту)	
Біртінде п ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу»	тыныш жағдайдан сергектікке біртіндеп көшіру, баланың ағзасын қимыл белсенділігіне дайындау	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар, саусақ жаттығуларын орындау; - массаж жолдармен жүргізу	жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау	жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында «Денсаулық жолдарымен жүргізу»
Бесін ас	Қолды жуудың маңызын оның денсаулықты сақтау үшін өмірлік қажетті дағды екенін балалармен талқылау. Жеке бас гигиенасы мәдениетін үйрету	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесуКоммуникативті дағдыны қалыптастыру	Қасық шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету Дұрыс тамақтану дағдысын үйрету	тамақ ішіп болғаннан кейін алғыс айту	Тағамның жағымды түрі, дәм, иісі, пайдасы туралы әңгімелесу (Сөйлеуді дамыту, эмоционалды дағдыларды қалыптастыру)
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	«Ертегі кітабы» – Жапсыру және мүсіндеу Мақсаты: Балаларға өздерінің ертегілерін жасау арқылы креативтіліктерін арттыру. Ойын барысы: Балалар өздерінің жеке ертегілерін ойланып, оларды	«Табиғаттың таңғажайыптары» – Сурет салу Мақсаты: Балаларды табиғаттың сұлулығын байқап, оны сурет арқылы көрсетуге үйрету. Ойын барысы: Балалар табиғаттың әртүрлі көріністері (ағаштар, гүлдер, күннің шығуы) туралы әңгімелеседі.	«Менің сүйікті орным» – Сурет салу және жапсыру Мақсаты: Балаларды өздерінің сүйікті орындарын бейнелеу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Ойын барысы: Балалар өздерінің ең ұнататын жерлерін (саябақ, теңіз, таулар) таңдап, оларды суретке салады.	«Табиғаттың өзгерісі» – Сурет салу Мақсаты: Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді байқап, оны сурет арқылы көрсету. Ойын барысы: Балаларға төрт маусымды (көктем, жаз, күз, қыс) сипаттап беріңіз. Содан кейін, әр бала өз таңдаған маусымының	«Табиғатта серуен» – Сурет салу Мақсаты: Балаларды табиғатта серуендеу барысында байқаған нәрселерді бейнелеуге үйрету. . Ойын барысы: Балалар табиғатқа серуендеуге шығып, байқағандарын жазып алады. Үйге келген соң, олар

	жазады. Содан кейін, әр бала ертегісіндегі кейіпкерлер мен оқиғаларды мүсіндейді. Барлық балалар өз ертегілерін айтып, ортаға салған соң, бір үлкен «ертегі кітабы» жасалады.	Содан кейін, олар өздерінің табиғатқа шыққан тәжірибелерін ескере отырып, сурет салады. Дайын суреттерін топта көрсетіп, олардың табиғатқа қалай әсер еткенін талқылайды.	Суреттерін жапсырып, табиғаттың немесе орманның элементтерімен толықтырады. Әр бала өз жұмыстарын таныстырып, сол орынның не үшін ұнайтынын айтып береді.	суретін салады. Дайын суреттерін біріктіріп, «Табиғаттың төрт мезгілі» көрмесін ұйымдастырады	осы байқауларын суретке түсіріп, салуға кіріседі. Дайын суреттерін таныстырып, серуендеу кезінде не көргені туралы әңгімелейді.
Жеке баламен жұмыс	«Асықпен санау» – Математика және ұлттық ойын Мақсаты: Балаларды асықтар арқылы санауға және арифметикалық амалдарды үйрету. Қажетті материалдар: Асықтар. Ойын барысы: Балаларға белгілі бір санға тең асықтар беріледі. Олар сол асықтар арқылы санау мен қосуды үйренеді. Мысалы, балалар асықтарды топтастырып, санды дұрыс шығарып	«Тоғызқұмалақ» – Логикалық және есептеу қабілеттерін дамыту ойыны Мақсаты: Балалардың логикалық және есептеу қабілеттерін дамыту. Қажетті материалдар: Тоғызқұмалақ тақтасы және құмалақтар. Ойын барысы: Тоғызқұмалақ ойыны арқылы балалар арифметика мен стратегияны үйренеді. Ойын барысында балалар есептеп, қарсыласын ұту үшін стратегия құрады. Әр бала алған құмалақтарын	«Қыз қуу» – Уақыт және жылдамдықты есептеу ойыны Мақсаты: Балаларға уақыт ұғымын түсіндіру және жылдамдықты өлшеуге үйрету. Қажетті материалдар: Сағат, арнайы кеңістік. Ойын барысы: Балаларға қазақтың «Қыз қуу» ойыны ойнатылады, ал уақыт пен жылдамдықты есептеуге арналған арнайы тапсырмалар беріледі. Балалар әр шабандоздың жүтірген уақытын есептеп, кімнің жылдам екенін	«Ақсүйек» – Ұзындықты өлшеу және іздеу ойыны Мақсаты: Балаларға ұзындықты өлшеу және қашықтықты бағалауды үйрету. Қажетті материалдар: Ақсүйек (жануардың сүйегі немесе ағаштан жасалған зат). Ойын барысы: Балаларға ұлттық «Ақсүйек» ойынын ойнату арқылы заттың қашықтығын бағалау ұсынылады. Ақсүйекті белгілі бір қашықтыққа лақтырып,	«Алтын сақа» – Дөңгелектермен ойын Мақсаты: Балаларға дөңгелек пішінін қолдана отырып, ойынды үйрету және логикалық ойлауын дамыту. Қажетті материалдар: Алтын сақа (асық). Ойын барысы: Балаларға қазақтың «Алтын сақа» ойыны ойнатылады. Балалар сақаны дәл нысанаға атуға үйренеді. Сақа дөңгелек пішінде болғандықтан, балалар пішіннің физикалық қасиеттерін зерттеп,

	көрсетуі керек. Әр бала қосып, азайтып, сандарды салыстырады. Математика негіздері және ұлттық құндылық	санап, қорытынды есептеуді үйренеді Математика негіздері және ұлттық құндылық	анықтайды. Ойынның соңында әр бала өзінің алған уақытын айтып береді. Математика негіздері және ұлттық құндылық	оны кім бірінші табатынын анықтау керек. Әр бала табылған ақсүйекке дейінгі қашықтықты өлшейді. Математика негіздері және ұлттық құндылық	логикалық ойлауларын дамытады. Әр бала қанша асық ұтып алғанын санап, қорытындылайды. Математика негіздері және ұлттық құндылық
Серуенге дайындық	Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	киімдерін шкафтарға салуға, дербестікке дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру	сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Мемлекеттік тілді меңгерту	Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту Мемлекеттік тілді меңгерту	өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру
Серуен	Серуен картотекасы №6 Бақылау: "Жапырақтардың өзгерісі" Мақсаты: Жапырақтардың түсі мен пішіндерін тану, күзгі өзгерістерді бақылау. Іс-әрекет: Балалар ағаштардағы жапырақтардың түстерін бақылайды: жасыл, сары, қызыл және қоңыр	Серуен картотекасы.№7 Бақылау: "Күннің күйі" Мақсаты: Ауа райын сезіну, күннің жылуы немесе салқын болуы туралы түсінік беру. Іс-әрекет: Балалар күннің қалай жылытып тұрғанын немесе ауа райының салқындығын сезіну үшін бетін күнге қаратады немесе желді сезінеді.Педагог балаларға «Күннің шуағы бізді қалай жылытады?» деген сұрақтар қояды.	Серуен картотекасы.№8. Бақылау: "Бұлттарды бақылау" Мақсаты: Аспандағы бұлттардың қозғалысын байқау, олардың түрлері мен пішіндерін тану. Іс-әрекет: Балалар аспанға қарап, бұлттардың пішінін және олардың қалай қозғалатынын бақылайды. Педагог бұлттардың әртүрлі болатынын түсіндіреді: жұқа, қалың, ақ немесе қара бұлттар.	Серуен картотекасы.№9. Бақылау: "Құстарды бақылау" Мақсаты: Құстардың қозғалысын, олардың дауысын тыңдау, құстардың түрлерін ажырату. Іс-әрекет: Балалар серуен барысында құстардың даусын тыңдап, олардың қалай ұшып жүргенін бақылайды Педагог құстардың атауларын атап, олардың	Серуен картотекасы.№10 Бақылау: "Ағаштардың биіктігі" Мақсаты: Ағаштардың биіктігін, олардың жапырақтары мен діңін зерттеу. Іс-әрекет: Балалар ағаштардың діңіне қарап, олардың биіктігін бағалайды.Педагог ағаштардың қалай өсетінін түсіндіреді. Балаларға ағаштың жасыл жапырақтары мен олардың

жапырақтарды таниды. Педагог балаларға жапырақтың неге түсетінін және күз мезгіліндегі табиғаттың өзгерістерін түсіндіреді. Сұрақтар: «Жапырақтар қандай түстерге боялған?» «Бұл жапырақтар қай ағаштан түсті?» Белсенділік: Жапырақтарды жинау, олардың пішінін қолдарымен сипалап сезіну, жапырақтармен ойындар ұйымдастыру. Өсімдіктерге күтім жасау Мақсаты: Балаларға өсімдіктердің күтімі туралы түсінік беру және табиғатқа деген сүйіспеншілік қалыптастыру. Іс-әрекет:Балалар	Сұрақтар:«Бүгін күн жылы ма, әлде суық па?» «Күн бізге не береді?» Белсенділік: Күнге қарап, оның қалай жарқырап тұрғанын бақылау, желдің күші мен ауа райының әсерін сезіну. Ойыншықтарды жинау және реттеу Мақсаты: Балаларды өз заттарына және ойыншықтарға ұқыптылықпен қарауға үйрету. Іс-әрекет:Балалар ойнап болған соң, ойыншықтарды арнайы себетке немесе сөреге жинайды. Ойыншықтарды әртүрлі санаттарға бөлуге үйрету (мысалы, машиналарды бір жерге, қуыршақтарды басқа жерге қою). Құралдар: ойыншықтар, ойыншықтарды жинайтын	Сұрақтар:«Бұлттар қандай? Олар неге ұқсайды?» «Бұлттар қайда қозғалып бара жатыр?» Белсенділік: Балалар бұлттардың пішінін елестетіп, «Олар неге ұқсайды?» деп айтады (мысалы, жануарларға, үйлерге ұқсайды деп елестету). Ауладағы жапырақтарды немесе қоқысты жинау Мақсаты: Балаларға қоршаған ортаны таза ұстауға үйрету. Іс-әрекет:Балалар серуен барысында жерге түскен жапырақтарды немесе қоқыстарды жинайды. Педагог балаларға табиғатты қорғау және қоқыстарды жинаудың маңызын түсіндіреді. Құралдар: кішкентай	табиғаттағы рөлі туралы әңгімелейді. Сұрақтар:«Қандай құстарды көрдік?» «Құстар қалай ән салады?» Белсенділік: Құстардың дауысын еліктеу, құстардың ұшуын бейнелеп ойнау (қолдарын жайып, құстар секілді жүгіру). Құстарды немесе жануарларды күту Мақсаты: Балаларға жануарларға қамқор болуды үйрету. Іс-әрекет:Балалар балабақшаның ауласында құстарға жем шашады немесе аквариумдағы балықтарға жем береді. Педагог құстардың немесе жануарлардың қалай тамақтанатынын және оларға қалай қамқор болу керектігін	пішіндерін көрсету. Сұрақтар:«Ағаш биік пе, әлде аласа ма?» «Жапырақтар қандай пішінде?» Белсенділік: Ағаштардың айналасында жүру, олардың жапырақтарын жинау және жапырақтардың пішіндерін талдау. Құммен және сумен ойнау Мақсаты: Балалардың ұсақ моторикасын дамыту және еңбекке қызығушылықты арттыру. Іс-әрекет:Балалар құмда немесе суда арнайы ойыншықтармен ойнап, құмнан әртүрлі пішіндер жасайды. Ойнап болғаннан кейін, балалар жұмыс орнын жинайды, құралдарды жуып, сөреге қояды. Құралдар: құм және суға
---	--	---	---	---

	бөлмедегі немесе ауладағы өсімдіктерді суарады. Топтағы гүлдердің жапырақтарын сүртеді. Педагог балаларға судың өсімдіктер үшін маңызды екенін түсіндіреді және өсімдіктердің қалай өсетінін көрсетеді. Құралдар: кішкентай су құйғыштар, майлықтар. (Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту)	себеттер. (Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту)	қапшықтар, қолғаптар. (Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту)	түсіндіреді. Құралдар: құс жемі немесе балықтарға арналған жем. (Еңбекке баулу , Экоадениетті дамыту)	арналған ойыншықтар. (Еңбекке баулу , Эко мадениетті дамыту)
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу	Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.	.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.	Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу

Тәрбиеші: Адразакова Л.
Умирзакова Қ.

Тәрбиелеу білім беру процесі

2024-2025 оқу жылы

Ересек топ

Қазан айының циклограммасы

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
